

## Қарттар – біздің асыл қазынамыз.

Көп жасаған қария -  
Ақылы теңіз дария.  
Көп өнеге сөзі бар,  
Сөзі – соқпақ, сөзі – нәр.

Қарттар күніне орай университетіміздің ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы» мамандығының студенттері Интернациональнй тұрғын үй кешеніндегі қарияларымызбен жүздесіп қайтты.

Ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Ә. Каразовамен бірге қарттарымызды мерекелерімен құттықтап, игі тілектер мен азын-аулақ сый сияпат жасады. Бұл мереке бір жағынан замандас қариялардың бас қосып, бір-бірімен жолығып сыр бөлісуіне де себеп болды. Осы орайда Туребаева М., Искаков К., Бабкенова С., Адиканова Б., Достығалиева С., Комарова Н., Чулебаева М., Омарбек., Бойко С., Искакова К., Даулетбаева Ш. сынды сексенді алқымдаған қарияларымыз алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді.

Қазақ халқы үлкеннің сөзін екі етпейтін, алдын кесе өтпейтін кішіпейіл халық, қариялар игі тілегі мен ақ баталары жүректерімізге иман нұрын ұялатынына сенеміз. Ауыр уақыттағы бейнеттің салған іздерін беттеріндегі әжімдері мен кірбің басқан көздерінен, кешегі бастарынан кешкен тарихқа толы сөздерінен байқауға болады. Осынау күнге аман-есен жеткізген біздерге ендігі парыз - бабалар аманатын замана көшінде абыроймен жалғастыру. Қилы тағдырлар көшін басынап өткеріп, тұла бойы шежіре мен тарихқа тұнған дана қарттарымыз аман жүрсе екен!





